

**НҰР-МУБАРАК ЕГИПЕТ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ УНИВЕРСИТЕТІ
ИСЛАМ ҒИЛМДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ
ИСЛАМТАНУ КАФЕДРАСЫ**









БЕКІТЕМІН
Ректор
Мухаммед аш-Шаххат әл-Жинди
«14» 04 2022ж.








**2020-2021 оқу жылына арналған
«6В02201-ИСЛАМТАНУ»
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
(4 жылдық күндізгі бөлім)**

АЛМАТЫ, 2022

Білім беру бағдарламасын дайындау және сараптау бойынша жұмыс тобы
Құрастырушылар:


Аты-жөні	Қызметі	Қолы
Анарбаев Н.С.	Кафедра меңгерушісі	
Акимханов А.	Оқытушы	
Шайзан Б.	Оқытушы	
Мажиев Ғ.Ж.	ҚМДБ Аппарат жетекшісі (Жұмыс беруші өкілі)	
Ерғазиев Фатихсұлтан	Білім алушы	
Айдос Әсет	Түлек, Ақмола обл мешітінің жастар бөлімінің меңгерушісі	

Сарапшылар:

Аты-жөні	Қызметі	Қолы
Сандыбаев Ж.С.	Академиялық мәселелер департаментінің директоры	
Мансұров Б.Б.	ҚМДБ Уағыз-насихат бөлімінің меңгерушісі	
Раманкулов М. А.	Батыс Қазақстан облысының дін істері басқармасының басшысы	
Әділбаева Ш.А.	Сапа менеджменті бөлімінің меңгерушісі	
Махмет М.	Оқу әдістемелік басқарма басшысы	
Ержан Қ.С.	Декан орынбасары	
Жолмағанбетова М.А.	Оқу әдістемелік кеңес төрайымы	

Білім беру бағдарламасы исламтану кафедрасында дайындалып, кафедра мәжілісінде талқыланды.

Хаттама № 9 « 8 » 4 2022 ж.

Кафедра меңгерушісі Н.С.Анарбаев 

Ислам ілімдері факультет кеңесінде талқыланып, мақұлданды.
Хаттама № 11 « 09 » 04 2022 ж.

Факультет деканы Мамун Али Жабр 

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесінде келісілді.
Хаттама № 5 « 12 » 04 2022 ж.

ОӘК төрайымы М.А. Жолмағанбетова 

Университеттің Ғылыми кеңесі мәжілісінде бекітілді.
Хаттама № 9 « 14 » 04 2022 ж.

Ескерту: ҚР БЖҒМ 7.12.2021ж. №583 бұйрығына сәйкес ҚР БҒСҚК 09.03.2022ж.-18.03.2022ж. аралығында Бақылау субъектісіне бару арқылы Нұр-Мұбарак ЕИМУ-да өткен профилактикалық бақылау нәтижесінің ескертулеріне орай өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

НҰР-МУБАРАК ЕГИПЕТ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ УНИВЕРСИТЕТІ

ИСЛАМТАНУ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру саласының коды және классификациясы: 6B02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар

Дайындау бағытының коды және классификациясы: 6B022 Гуманитарлық ғылымдар

Бағдарлама атауы: 6B02201 - Исламтану

Бағдарлама түрі:

Берілетін дәреже: «6B02201-Исламтану» білім беру бағдарламасы бойынша гуманитарлық ғылымдар бакалавры

Кредиттердің жалпы көлемі: 240 академиялық сағат / 240 ECTS

Оқу мерзімі: 4 жыл

ИСЛАМТАНУ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

«Исламтану» білім беру бағдарламасы бойынша бакалавриат дәрежесін алған білім ізденуші ғылыми және практикалық зерттеулер жүргізу, діни зерттеулер және талдау, мониторинг, кеңес беру, оқыту, қарым-қатынас, мәдени және білім беру секілді қызметтерді атқаруға күзіретті болып мемлекеттік, жекеменшік орталықтарда да кәсіби қызметін жалғастыруға мүмкіндік алады. Заманауи еңбек нарығының талаптарына сай, жұмыс берушілердің сұраныстарына толыққанды жауап бере алатын, жеке және топтық ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізе алатын, қоғам сұранысына дер кезінде лайықты шешім ұсына алатын, тәуелсіз сарапшы қызметін атқарып, жоғары білім беру мекемелерінде қызмет атқара алатын білікті маман қалыптасады.

1. БАҒДАРЛАМА НЕГІЗДЕМЕСІ

«Исламтану» білім беру бағдарламасы бойынша бакалавриат дәрежесін алған білім ізденуші діни зерттеулер және талдау, кеңес беру, оқыту, қарым-қатынас, мәдени және білім беру сынды қызметтерді атқару күзіреттілігіне ие болады. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына қарасты мешіттерде, Облыстық дін істері басқармасында, Қалалық Дін істері жөніндегі басқармасы сынды мемлекеттік мекемелерде, жекеменшік оңалту оқыту орталықтарында кәсіби қызметін жалғастыру мүмкіндігіне ие болады. Заманауи еңбек нарығының талаптарына сай, жұмыс берушілердің сұраныстарына толыққанды жауап бере алатын, жеке және топтық ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізе алатын, қоғам сұранысына дер кезінде лайықты шешім ұсына алатын, тәуелсіз сарапшы қызметін атқара алады.

2. БАҒДАРЛАМА МАҚСАТЫ

Қазіргі уақыттағы исламтанудың теориялық және практикалық мәселелерін шешуге білікті, исламтану мамандығы негізінде ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызмет атқара алатын кәсіби білімі жоғары исламтанушы мамандар дайындау..

Негізгі құзіреттіліктер (НҚ):

Бағдарлама бойынша бітіруші түлектер мынадай негізгі құзіреттіліктерді меңгеріп шығады:

1. (НҚ1) Құран, хадистану, ақида, тәпсір және ислам құқығы ілімдерінің алғашқы кезеңдерден бастап қазіргі күнге дейінгі тарихын, әдістемесін және негіздерін білу;
2. (НҚ2) Араб тілі және тәжуид ережелеріне сай Құранды дұрыс оқи білу, сондай-ақ араб тілін ауызша және жазбаша еркін меңгеру;
3. (НҚ3) Ислам философиясы, діндер философиясы, сопылық философиясы және діни мазхабтар мен деструктивті ағымдардың шығу себептері мен олардың негізгі ерекшеліктерін білу;
4. (НҚ4) Ислам негіздері мен қазақ халқының салт-дәстүрін білу; діни рәсімдерді атқара алу және қажетті жағдайларда діни білімін қолдана білу;
5. (НҚ5) Діни мәтіндерге эксперттік сараптама жасай білу және қоғамдағы дінге қатысты жағдайларға қоғамдық-құқықтық нормалар мен түрлі діни толеранттылыққа негізделген әлеуметтік-этикалық құндылықтарды дәлелдеу;
6. (НҚ6) Топта жұмыс істеу, жаңа шешімдер ұсына білу, өз пікірін ұжым пікірімен ұштастыра алу және қақтығыстарды шешу және уақытын тиімді ұйымдастыру, жауапкершілікті өзіне қабылдау, техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау, қоршаған ортаны қорғау.
7. (НҚ7) Ақпараттың артықшылықтары мен кемшіліктерін сыни көзқараспен бағалай білу, ойлау, өзінің көзқарасын дәлелдей алу және жаңа шешімдер ұсына білу, қоғамдық ортада еркін көзқарасын білдіре алу және түрлі жағдайда адамдармен психологиялық тұрғыда оңды қарым-қатынас жасай білу.
8. (НҚ8) Қоғамдық нормаларға негізделетін әлеуметтік-этикалық құндылықтарды білу және кәсіптік қызметінде қолдану; өзге халықтардың мәдениетіне толерантты болу .

Оқыту нәтижелері (ОН):

Аталмыш бағдарлама түлектері келесідей нәтижелерге қол жеткізе алады:

- (ОН1) Исламтанудың заманауи мәдениет пен өркениеттегі орнын, заманауи интеграциялық үдерістердегі рөлін, қазіргі кезеңдегі исламтанулық мәселелердің ерекшеліктері мен маңыздылығын айқындай алу
- (ОН2) Әлемдік және қазақстандық исламтанудың негізгі заманауи концепцияларына қатысты кәсіби білімді көрсете білу, негізгі авторлар, мектептер мен бағыттар, арасындағы концептуалды айырмашылықтар, заманауи исламтанулық пікірталастардың негізгі мазмұндары жайлы хабардар болу
- (ОН3) Араб тілін жазбаша әрі ауыз екі тілді С1 деңгейінде еркін меңгеру
- (ОН4) Құран мәтіндерін Матуриди сенімі, ханафи мәзһабы бойынша талдап, талқылауға әрі түсіндіруге қабілетті болу
- (ОН5) Діннің парактикалық тұстарын іс-жүзіне орындауға, дәстүрлердегі діни тәжірибені академиялық исламтану тұрғысынан бағамдай алу білуге және түрлі салада қолдануға қабілетті болу
- (ОН6) Исламның іс жүзіндегі көріністеріне әрі дәстүрлі діни ұстанымдарға сыни көзқарас айтып, бағалай білу
- (ОН7) БАҚ, түрлі деңгейдегі мемлекеттік, қоғамдық ұйымдарда ислам жайлы ақпараттарды ұсыну, кеңес беру, қоғамдық орындарда өзін-өзін ұстай білу, түрлі салада адамдармен қарым-қатынас жасау психологиясын меңгеру
- (ОН8) Ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу барысында бой көрсететін және терең кәсіби білімді талап ететін мәселелерді жүйеге келтіру және шешу;
- (ОН9) Коллективті жұмыс ақтаруға, қоғамдағы актуалды мәселелерді шешуге, нақты ойлап, тұшымды әрі жаңашыл пікір ұсынуға, қоғамдағы шиеленістерді бейбіт жолмен шешуге әрі заманауи техника-технологияларды жоғарғы деңгейде қолдануға қабілетті болу
- (ОН10) Қоғамдық әрі ұлттық құндылықтарды дәстүрлі норма шеңберінде меңгеріп, оларды өз саласында қолдана білу

3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

3.1 Модульдер сипаттамасы

Модуль атауы	Модульдың құрамдас бөліктерінің атауы	Қалыптастырылатын күзiреттiлiктер	Оқыту әдiстерi
Қоғамдық коммуникативті	Қазақстанның қазiргi заман тарихы	Тәуелсiз Қазақстан мемлекетiнiң қалыптасу кезеңдерiнiң тарихи сабақтастығы жөнiндегi бiлiмiн көрсетедi (ҚҚ1). Қазақстанның қазiргi заман тарихы оқиғаларының барысы мен салдарын тарихи сипаттау мен талдау тәсiлдерiн меңгередi (ҚҚ2).	Оқыту барысында бiлiмгердi оқытудың орталық объектiсi ретiнде қарастыратын оқыту әдiсi, ол бiлiмгерлердiң де оқыту үрдiсiне рефлексивтi көзқарасына негiзделген, бiлiктiлiкке бағытталған оқыту; әртүрлi форматтағы рөлдiк ойындар және оқу пiкiрталастары; кейс стади; жобалар әдiсi қолданылады.
	Философия	Пәндi игеру барысында iзденушi өзiн қоршаған ортаға деген көзқарастарының, идеяларының, теорияларының жиынтығы ретiнде адамның орнын ұғынады (ҚҚ3). Философия адамзат болмысының маңызды бөлiгi ретiнде бiлiм алушының жоғары деңгейде ой тұжырымдарын жаңартады (ҚҚ4).	Философия
	Шетел тiлi	Ғылыми әдебиеттердi талдауға шығармашылық тұрғыдан келуге, тiлдiк материалдарды пайдалануға қабiлеттi болады (ҚҚ5). Маман ретiнде адам өмiрiне қатысты әмбебаптық сипаттағы қарым-қатынаста сөйлемдердi дұрыс қолдана бiледi (ҚҚ6); сауатты, мәдениеттi сөйлей алатындай дәрежеге жетедi (ҚҚ7); сөйлеу дағдысын одан әрi жетiлдiрiп, кез келген жағдаятта пiкiрiн, ойын еркiн жеткiзе алады (ҚҚ8).	Грамматикалық аударма; Тiкелей-қатынас әдiсi; Коммуникативтiк; Жобалау, Интерактивтi; Шығармашылық; Проблемалық әдiс-тәсiлдер арқылы оқыту жүргiзiледi.
	Қазақ (Орыс) тiлi	Лексиканы, грамматикалық бiлiм жүйесiн, интенцияны (ниеттерiн) бiлдiрудiң прагматикалық құрамын жеткiлiктi көлемде бiлу негiзiнде тiлдiк және сөйлеу құралдарын дұрыс таңдауға және пайдалануға қабiлеттi болады (ҚҚ9). Пiкiрталастарда этикалық, мәдени, әлеуметтiк маңызы бар мәселелердi талқылауды (ҚҚ10); өз көзқарасын бiлдiрудi (ҚҚ11); оны дәлелдi түрде қорғауды (ҚҚ12); әңгiмелесушiлердiң пiкiрiн сыни бағалауды игередi (ҚҚ13).	Бiлiм алушы тарапынан рефлексивтi тәсiлге негiзделген бiлiмгерге орталықтандырылған бiлiм беру; құзыреттiлiкке бағытталған оқыту; тiлдердi меңгерудiң коммуникативтiк-әрекеттiк тәсiлi; мәтiннiң мазмұнын когнитивтi модельдеу негiзiнде оның мағынасын түсiну және түсiндiру әдiстерi пайдаланылады.

	Ақпараттық коммуникациялық технологиялар	Ақпараттық-коммуникациялық технологияның даму тенденциялары мен мазмұнын, тағайындалуын түсіндіре алады (ҚҚ14); нақты мәселелерді шешу үшін айрықша тиімді технологияны таңдауды негіздей алады (ҚҚ15). Ақпараттық және коммуникациялық процестерді жүзеге асыру тәсілдерін, ақпараттарды жинау, сақтау және өңдеу әдістерін түсіндіре алады (ҚҚ16).	Оқытушылар және білімгерлер жағынан оқуға рефлексстік тәсілге негізделген білімгер-орталықтандырылған оқыту; интерактивті дәріс (мәселелік дәріс, пікірталастық дәріс, дәріс-конференция, дәріс-кеңес) секілді әдістер қолданылады.
Әлеуметтік-саясаттану білім модулі	Әлеуметтану	Әлеуметтанудың даму тарихы мен кезеңдерін және негізгі функцияларын меңгереді (ҚҚ17); базалық, теориялық білімін, практикалық әдет-дағдыларын ғылыми зерттеулерде, аналитикалық іс-қызметінде қолдана білу қабілеті қалыптасады (ҚҚ18).	Пәнді жүргізу кезінде, оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары (интервью, дискуссия, сұрақ-жауап, кейстер) қолданылады. Соның нәтижесінде білімгерлердің сыни ойлау қабілеті мен шартты қабілеттері қалыптасады, өздерінің іс-әрекеттері мен идеяларына талдау жасап, бағалай алады, ақпараттарды жинақтап жан-жақты талдау жасай алады.
	Саясаттану	Саясаттанудың ғылым ретіндегі негізгі теориялық қағидаларын меңгеріп шығады (ҚҚ19). Қоғамға бейімделудің жолдарын біледі (ҚҚ20).	
	Мәдениеттану	Мәдениеттанулық зерттеулердің негізгі әдістерін игереді (ҚҚ21). Гуманитарлық пәндер жүйесіндегі мәдениеттанудың орнын, оның объектісі мен неғұрлым өзекті проблемаларды айқындайды (ҚҚ22).	
	Психология	Адам санасының пайда болуы және дамуының теориялық негізін меңгереді (ҚҚ23). Діни тұлғаның психологиялық ерекшеліктерін айқындай алады (ҚҚ24).	
	Дене шынықтыру	Салауатты өмір салтын, белсенді демалыс пен бос уақытты ұйымдастыру үшін дене шынықтыру қызметінің әртүрлі формалары мен түрлерін қолдану шеберлігін меңгереді (ҚҚ25). Кәсіби дене шынықтыру дағдыларын еңбек және өмірлік жағдаяттарда өз бетінше пайдалана алуға даяр болады (ҚҚ26).	
Экология	Экология және өмір қауіпсіздігі	Білім алушы пәнді игеру нәтижесінде адам өміріндегі қауіп-қатерлерден сақтану жолдарын игереді (ҚҚ27). Табиғи және техногенді апаттардан қорғанудың	Білім алушыны оқытудың негізгі әдістері пән бойынша білікті болуға негізделген. Білімгерді жеке тұлға етіп қалыптастыру, сыни тұрғыдан

		негізгі тәсілдерін біледі (ҚҚ28); қазіргі заманғы зақымдану құралдары мен олардың зардаптарын жою шараларын ұйымдастыра алады (ҚҚ29), сондай-ақ тіршілік қауіпсіздігінің шарттарын бағалауды меңгереді (ҚҚ30).	дамыту, ынтымақтастық оқыту технологиясы пайдаланылады.
Зекет және хадистану	Зекет және қажылық	«Зекет және қажылық» пәнінде зекеттің шарифаттағы үкімі, мал-мүлікке қатысты шарттары, Құранда аттары аталған зекет беретін топқа қатысты үкімдер егжей-тегжей талқылай алады (ҚҚ31). Сонымен қатар қазіргі таңдағы үй, қонақ үй, құнды қағаздар, алтын, күміс, бағалы тастардың зекет мөлшерін зерттеуді үйренеді (ҚҚ32). Сондай-ақ қажылықтың рүкіндері, шарттары, сүннеттері, әдептері үйретіліп практикалық тұрғыдан қалай жасалатындығы көрсетіледі.	Білім алушыға ой еркіндігін, пікір айту мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, білім алушының пәнді қабылдауына, жетілдіріп оқуына бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады.
	Хадис терминдері	Хадис терминдері пәні бойынша хадис ілімінің даму тарихы, хадис түрлерін ара-жігін ажыратып (ҚҚ33) (әлсіз, хасан, сахих), хадистердің жету жолдары мен рауилер және хадис саласындағы классикалық еңбектерін оқу дағдысын қалыптастырады (ҚҚ34).	Білім алушыға ой еркіндігін, пікір айту мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, білім алушының пәнді қабылдауына, жетілдіріп оқуына бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады.
Араб тілі	Араб тілі (А1-А2)	Араб тілін білу, біреудің сөйлеуін түсіну (ҚҚ35) және өз пікірін ауызша және жазбаша түрде көрсету мүмкіндігі (ҚҚ36); сөйлеу белсенділігінде лексикалық, грамматикалық және фонетикалық материалды дұрыс қолдану мүмкіндігі (ҚҚ37); Пәнді игеріп, пәннің заманауи даму барысын қадағалай біледі (ҚҚ38).	Оқыту барысында ауызша және жазбаша тапсырмалар және тілді меңгертудің тікелей грамматикалық жаттығу жұмыстары және әртүрлі форматтағы рөлдік ойындар және пікірталастар; кейс стади жобасы қолданылады.
	Араб тілі (В1)	Екінші шетел тілін тілдік құрылымын пайдалана алады (ҚҚ38), яғни сауатты және дұрыс сөйлеу қызметіне, лексикалық, грамматикалық, фонетикалық материалдарды қолдана біледі (ҚҚ39). Мамандандырылған шетел тілі елінің әлеуметтік-мәдени ерекшеліктеріне сәйкес; дискурстың әр алуан түрлерін және сөйлеу стратегияларын қолданады (ҚҚ40).	Пәнді жүргізу барысында мәтінмен жұмыс түрлері жүргізіліп, жұмысты саралау, талдау әдіс-амалдары, салыстырмалы-тарихи талдау әдісі қолданылады.

	Араб тілі (B2)	Араб тілін тілдік құрылымын пайдалана алуы, яғни сауатты және дұрыс сөйлеу қызметіне, лексикалық, грамматикалық, фонетикалық материалдарды қолдана біледі (ҚҚ41). Мамандандырылған шетел тілі елінің әлеуметтік-мәдени ерекшеліктеріне сәйкес; дискурстың әр алуан түрлерін және сөйлеу стратегияларын қолдана алады (ҚҚ42).	Пәнді жүргізу барысында мәтінмен жұмыс түрлері жүргізіліп, жұмысты саралау, талдау әдіс-амалдары, салыстырмалы-тарихи талдау әдісі қолданылады.
	Араб тілі (C1)	Мәдени тиісті ақпаратты таңдай алады (ҚҚ43), өзін-өзі қызығушылық немесе күнделікті өмір аясында, сондай-ақ жалпы, кәсіби бағдар, әлеуметтік және қоғамдық өмірдің тақырыптарына қатысты өз пікірін білдіре алады (ҚҚ44), сұхбаттасушысын хабарлауға ақпаратты беруге үйренеді (ҚҚ45). Ұйымдастыру модельдерін, байланыс және топтасқан құрылғыларды бақыланатын пайдалан алуы (ҚҚ46) көрсететін күрделі тақырыптарға нақты, егжей-тегжейлі, сондай-ақ құрылымдық мәтін жасауды меңгереді (ҚҚ47). Сөздердің балама мағыналарын ашып (ҚҚ48), мәтін сөйлемдеріндегі тікелей, ауыспалы және астарлы мағыналарын ашықтап, қолдануға бейімделеді (ҚҚ49).	Сабақта білімгердің кәсіби дағдысын қалыптастыру мақсатында проблемалық, кейс-стади, өзіндік жұмыс, дискуссия сынды белсенді әдістер қолданылады. Екі тілдегі мақал-мәтелдер, ғибратты сөйлемдер мен сөз тіркестеріне әдет-ғұрып пен жалпы мәдениет аралық ұқсастықтарына талдау жасайды.
Теология және практика	Дінтану	Дінтанудың маңыздылығын, қоғамда алатын орнын, қолданатын әдістерін, тарихы мен салаларын игеріп шығады (ҚҚ50). Діннің теориялық мазмұнын меңгереді (ҚҚ51); діннің тарихи түрлерін біледі (ҚҚ52); дәстүрлі діндерден саяси және экстремистік діндерді айыра білуді меңгереді (ҚҚ53).	Білім алушыға ой еркіндігін, пікір айту мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, білім алушының пәнді қабылдауына, жетілдіріп оқуына бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады.
	Ислам теологиясы	Ислам теологиясы пәнінде ақида ілімінің генезисі мен даму кезеңдері, исламдағы сенімдік мазһабтардың шығу тарихы, иләһият, пайғамбарлық институты және ислам эсхатологиясы тақырыптары және аталған тақырыптарға қатысты	Білім алушыға ой еркіндігін, пікір айту мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, білім алушының пәнді қабылдауына, жетілдіріп оқуына бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады.

		тақырыпшаларды игереді (ҚҚ54). Ислам теологиясының және сунниттік сенім мектептерінің негізін қалаған ғалымдардың ғылымдағы орны, ғылыми әдістері және теологиялық мәселелер бойынша алға тартқан тұжырымдары, тезистерін саралауды қалыптастырады (ҚҚ55).	
	Оқу практикасы	Оқу тәжірибесінен өткен білімгер оқу үдерісінде меңгерілуі тиіс материалдар қорының іс жүзіндегі қолданысын көріп, игеріп шығады (ҚҚ56). Бекітілген практика базаларында оқу жұмыстарымен айналысып, тәжірибе жинақтайды (ҚҚ57).	Білім алушыларды оқу үдерісін барынша тиімді ұйымдастырып, бөлінген уақытты орынды пайдалануға бағыттайтын тұлғалық, коммуникативтік әдістер қолданылады.
Үкім және логика	Шариғи үкімдер	Ислам құқығы мен шариғи үкімдер тақырыптары негізінде практикалық құлшылықтар жайында жалпы меңгеріп шығады (ҚҚ58). Құқықтық мектептер қарастырған тақырыптар бойынша заманауи мәселелер мен шариғи үкімдер төңірегінде өзіндік ой қалыптастырады . Қазіргі заманғы діни мәселелерді Ислам құқығындағы шариғи үкімдер тақырыптарымен салыстыра біледі (ҚҚ59).	Салыстырмалы-тарихи әдіс, салғастырмалы әдіс, проблемалық оқыту әдіс, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту әдіс-тәсілдері қолданылады.
	Исламда логика	Исламдағы логиканың орны мен маңыздылығын жүйелі түрде меңгереді (ҚҚ143). Логика пәнінің дұрыс формалары мен заңдарын, ережелерін білетін болады (ҚҚ144). Студенттер логика пәнінің шығу тарихы және оның қамтитын тақырыптарымен меңгереді (ҚҚ145). Көне мантық ілімі, адамның ойлау кезінде немесе дәлел келтірген кезде дұрыс ойлай білуін қамтамасыз ететін ілім жүйесін игереді (ҚҚ146).	Пәнді жүргізу кезінде, оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары (интервью, дискуссия, сұрақ-жауап, кейстер) қолданылады. Соның нәтижесінде білімгерлердің сыни ойлау қабілеті мен шартты қабілеттері қалыптасады, өздерінің іс-әрекеттері мен идеяларына талдау жасап, бағалай алады, ақпараттарды жинақтап жан-жақты талдау жасай алады
Тәжірибе	Өндірістік тәжірибесі	Практика базаларында өндірістік тәжірибеден өткен білім алушылар оқу үдерісі барысында игерген теориялық білімдерін іс жүзінде қолдануға мүмкіндік алады (ҚҚ60). Өндірістік қарым-қатынас мәдениетін меңгереді (ҚҚ61).	Білім алушыларды өндіріс үдерісін барынша тиімді ұйымдастырып, бөлінген уақытты орынды пайдалануға бағыттайтын тұлғалық, коммуникативтік әдістер қолданылады.

	Дипломалды практика	Диплом жұмысының тақырыбымен байланысты мәліметтер қорын жинақтауға машықтанады (ҚҚ147). Ғылыми әдебиеттерді сұрыптауға, талдауға, қажетті мәліметтерді сүзгіден өткізіп, қолдана алуға бейімделеді (ҚҚ148).	Білім алушыларды диплом жұмысын жазу үдерісін барынша тиімді ұйымдастырып, бөлінген уақытты орынды пайдалануға бағыттайтын тұлғалық, коммуникативтік әдістер қолданылады. Ғылыми ізденіс жүргізу, көлемді мәліметтер қорын игеруге бағытталған арнайы әдістер мен техникалар қолданылады.
Пайғамбарлар тарихы және намаз	<i>Тазалық және намаз құлшылығы / Шарият үкімдері</i>	«Тазалық және намаз құлшылығы» курсы оқу барысында болашақ исламтанушы мамандар тазалық шарттары мен ғұсыл және дәреттің ара жігін ажыратуды меңгеріп (ҚҚ117), таяммум сынды түлерін және намаз оқу мен жамағат намазына қатысты жалпы ережелерін игеріп шығады (ҚҚ118).	Білім алушыға ой еркіндігін, пікір айту мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, білім алушының пәнді қабылдауына, жетілдіріп оқуына бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады.
	<i>Ислам тарихы/ Мазхабтар тарихы</i>	Пәнді сәтті аяқтап, игерген білімгер исламдағы құқықтық, кәләмдық және саяси мазхабтардың ілімдік ерекшеліктерін ажырата алады (ҚҚ62); ислам тарихында династиялық басқару кезеңдері, олардың мемлекеттік құрылымдары мен мәдени деңгейлеріне пікірталас жүргізе алатындай білімді меңгереді (ҚҚ63); ислам өркениетінің адамзат өркениетіне қосқан үлесіне ғылыми негізде баға бере алады (ҚҚ64).	Пәнді жүргізу кезінде білімгердің кәсіби дағдысын қалыптастыру мақсатында проблемалық сұрақтар, «дөңгелек үстел», эвристикалық әңгіме, миға шабуыл, кейс-стади, өзіндік жұмыс, дискуссия сынды белсенді әдістер қолданылып, оқудан тыс жұмыстар да жүргізіледі.
	<i>Матрудия ақидасындағы пайғамбарлық /Ақида мәтіндері</i>	Ислам матрудия ақидасының пайғамбарлық сенім негіздері қатысты негізгі мәселелерді талдауды (ҚҚ65) және олардың қазақ мәдениеті мен дәстүріндегі көрінісі мен сабақтастығына анализ жасай алады (ҚҚ66).	Салыстырмалы-тарихи әдіс, салғастырмалы әдіс, проблемалық оқыту әдісі, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту әдіс-тәсілдері қолданылады.
Құран және оның ілімдері	<i>Құран ілімдеріне кіріспе/ Тәңсір іліміне кіріспе</i>	Құран ілімдері пәнінде Құран тарихы, уахи, «иғжаз» теориясын меңгеріп (ҚҚ67), Құран сүрелері мен аяттары, қырағат ілімі және аталған тақырыптарға қатысты тақырыпшаларды меңгереді (ҚҚ68). Құран ілімдерінің негізін қалаған ғалымдар мен олардың Құран ілімдерінің жекелеген тақырыптарына қатысты ғылыми көзқарастарды саралауды	Білім алушыға ой еркіндігін, пікір айту мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, білім алушының пәнді қабылдауына, жетілдіріп оқуына бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады.

		қалыптастырады (ҚҚ69). Тәпсір іліміне кіріспе пәнінде тәпсір ілімінің қалыптасу кезеңдері, ғалымдары, кітаптары және тәпсіршілердің әдіснамаларын игереді (ҚҚ70).	
	<i>Құран жаттау 1/ Махраж ілімі</i>	Құранның жирма тоғызыншы параны «Мүлк» сүресінен бастап «Жын» сүрелеріне дейін жаттау арқылы игереді (ҚҚ71). Тәжуид ережелерін толық меңгереді (ҚҚ72). Құран Кәрімді оқу барысында фонетикалық, орфографиялық қателіктерден арылып, танымал қырағаттардың өзара айырмашылықтарын салыстыра алады (ҚҚ73). Сонымен қатар махраж ілімі пәнінде араб әліпбиіндегі әріптердің дыбысталу орындары мен ережелері, ерекшеліктері теориялық әрі практикалық тұрғыдан қолдануды игереді (ҚҚ74).	Білім алушыға ой еркіндігін, пікір айту мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, білім алушының пәнді қабылдауына, жетілдіріп оқуына бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады.
	<i>Құран жаттау 3/ Мақам және қырағат</i>	Құранның жирма сегізінші параның «Мужадала» сүресінен бастап «Саф» сүрелеріне дейін жаттау арқылы меңгереді (ҚҚ103). Тәжуид ережелерін толық игереді (ҚҚ104). Құран Кәрімді оқу барысында фонетикалық, орфографиялық қателіктерден арылып, танымал қырағаттардың өзара айырмашылықтарын салыстыра отырып меңгереді (ҚҚ105).	Білім алушыға ой еркіндігін, пікір айту мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, білім алушының пәнді қабылдауына, жетілдіріп оқуына бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады.
	<i>Құран жаттау 4/ Қырағат ілімінің тәпсірге әсері</i>	Құранның 28 параларын «Мунафикун» сүресінен бастап «Тахрим» сүрелеріне дейін жаттау арқылы меңгереді (ҚҚ114). Тәжуид ережелерін толық игереді (ҚҚ115). Құран Кәрімді оқу барысында фонетикалық, орфографиялық қателіктерден арылып, танымал қырағаттардың өзара айырмашылықтарын салыстыруды үйренеді (ҚҚ116).	Білім алушыға ой еркіндігін, пікір айту мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, білім алушының пәнді қабылдауына, жетілдіріп оқуына бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады.
	<i>Құран жаттау 5/ Қырағат ілімінің үкім аяттарына әсері</i>	Құранның 27 параларын сүресінен жаттау арқылы меңгереді (ҚҚ114). Тәжуид ережелерін толық игереді (ҚҚ115). Құран Кәрімді оқу барысында фонетикалық, орфографиялық қателіктерден арылып, танымал қырағаттардың	Білім алушыға ой еркіндігін, пікір айту мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, білім алушының пәнді қабылдауына, жетілдіріп оқуына бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады.

		өзара айырмашылықтарын салыстыруды үйренеді (ҚҚ116).	
	<i>Құран жаттау 6/ Қырағат ілімінің ақидаға әсері</i>	Құранның 15 парасындағы «Кәһф» сүресі, «Ясин» сүресі, «Рахман» дейін жаттау арқылы меңгереді (ҚҚ114). Тәжүид ережелерін толық игереді (ҚҚ115). Құран Кәрімді оқу барысында фонетикалық, орфографиялық қателіктерден арылып, танымал қырағаттардың өзара айырмашылықтарын салыстыруды үйренеді (ҚҚ116).	Білім алушыға ой еркіндігін, пікір айту мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, білім алушының пәнді қабылдауына, жетілдіріп оқуына бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады.
Дәстүр мен дін	<i>Қазақ ойшылдары дін туралы / Қазақстандағы ислам тарихы</i>	Қазақ ойшылдарының діни тұжырымдарының қалыптасуы мен ой-тұжырымдардың ерекшеліктеріне тоқталып (ҚҚ75), алғышарттарын үйренеді (ҚҚ76). Орта Азия аумағындағы исламның таралу тарихын кезеңдендіріп, салыстырмалы-тарихи сараптама ұсына алады (ҚҚ77).	Пәнді жүргізу кезінде, оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары қолданады және де білім алушылардың пәнді игеруі мақсатында оқудан тыс жұмыстар жүргізіледі.
	<i>Қазақ салт-дәстүрлері/ Дін және дәстүр</i>	Білім алушыларды тұтас жүйе санатындағы қазақтың дәстүрлі мәдениетімен, дәстүрлі дүниетанымы моделі ерекшелігін саралап (ҚҚ78), Қазақтың мәдени және тарихи мұрасын қадірлеуге саятын азаматтық көзқарас қалыптастыруды меңгереді (ҚҚ79). Қазақ салт дәстүрінің шығу тарихын меңгеріп, күнімізде қалай көрініс тапқандығын игереді (ҚҚ80). Сонымен қатар дін мен дәстүр пәнінде дін мен дәстүрдің өзара ықпалы, олардың сабақтастығы және шарифаттағы маңыздылығын саралай алады (ҚҚ81).	Пәнді оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары қолданады және де білім алушылардың пәнді игеруі мақсатында оқудан тыс жұмыстар жүргізіледі.
Отбасы және діни мораль	<i>Исламда отбасы/ Неке және ажырасу шарттары</i>	Исламда отбасы пәні хитба, сөз салу, құда түсу, некенің рүкіндері мен шарттары, ерлі-зайыптылардың міндеттері мен құқықтары, ғидда, шарифаттағы әртүрлі мәселелеріне салыстырмалы анализ жасап (ҚҚ82), сонымен қоса осы тақырыптарға қатысты үкімдер мен қағидаттары меңгереді (ҚҚ83). Неке бөлімінде үйленбестен алдын орындалатын хитба, атастыру, сөз салу, құда түсу мәселелерін игереді (ҚҚ84). Некедегі ажырасу құқығы	Білім алушыға ой еркіндігін, пікір айту мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, білім алушының пәнді қабылдауына, жетілдіріп оқуына бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады.

		және оның түрлері, шарттары мен себептерін меңгереді (ҚҚ85).	
	<i>Исламдағы мораль мәселесі/ Құрандағы ахлақ ілімі</i>	Құрандағы ахлақтың негіздері мен жолдарын меңгереді (ҚҚ90), базалық теориялық білімін, практикалық әдет-дағдыларын ғылыми зерттеулерде, аналитикалық іс-қызметінде қолдана білу қабілетін қалыптастырады (ҚҚ91). Тасаууфта тәрбиелік негіздерді игеріп, тұлғаның адами қасиеттерін терең ұғатын болады. Исламдағы мораль ілімінің негізгі тақырыптарына қатысты ғылыми көзқарастарды меңгереді (ҚҚ92).	Білім алушыға ой еркіндігін, пікір айту мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, білім алушының пәнді қабылдауына, жетілдіріп оқуына бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады.
	<i>Қазіргі замандағы ҚР діни жағдай/ Діни ағымдар мен ұйымдар</i>	Қазақстандағы қазіргі діни ахуал, жаңа діни ағымдар, діни секталардың мәні, ерекшеліктері мен классификациясы біледі (ҚҚ93). Діни басылымдардағы жарияланған мақалаларды жан-жақты саралау, тарихи тұрғыда талдау жасау әдістерін үйренеді (ҚҚ94). Қазақстан Республикасындағы қоныстанған діндердің Қазақстанға келу тарихымен бірге қазіргі кездегі олар тарапынан атқарылып жатқан діни жұмыстармен танысады. Діни ағымдар мен ұйымдардың негізгі принциптері мен мақсаттарын меңгереді (ҚҚ95).	Білім алушыға ой еркіндігін, пікір айту мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, білім алушының пәнді қабылдауына, жетілдіріп оқуына бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады.
Ғылыми зерттеу мен риторика	<i>Құран Кәрімдегі риторикалық феномен/ Құрандағы метафора</i>	Құранның 28-29-30 параларын толығымен қайталап, Ясин, Кәф, Рахман сүрелерін жаттау арқылы меңгереді (ҚҚ109). Тәжуид ережелерін толық игереді (ҚҚ110). Құран Кәрімді оқу барысында фонетикалық, орфографиялық қателіктерден арылып (ҚҚ111), танымал қырағаттардың өзара айырмашылықтарын салыстыра отырып меңгереді (ҚҚ112). Құран мәтініндегі аяттарға риторикалық, метафоралық және теңеу түрлерін анықтау. Оған астарлы талдау жасап, теңеудің құралы теңелетін зат пен ортақ сипатын анықтауды игереді (ҚҚ113).	Білім алушыға ой еркіндігін, пікір айту мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, білім алушының пәнді қабылдауына, жетілдіріп оқуына бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады.
	<i>Дерадикализациялық теология / Ақидаға</i>	Пәннің мақсаты мен міндеті: студенттерге сенім ғалымдарының көлемді әрі ғылыми еңбектеріне	Жалпы теологиялық ғылымдағы концепциялар мен теорияларды жүйелі түрде меңгеріп, ғылыми парадокстарға аналитикалық

	<i>қатысты қазіргі мәселелері</i>	сүйене отырып, Құран аяттарының ішіндегі сенімге тікелей қатысты үкім аяттарына жеке-жеке тоқталып, теолог мамандарының көзқарастары мен талдауларына, мәзһаб имамдарының үкімдерге қатысты көзқарастары мен алға тартқан дәлелдеріне кеңірек тоқталып, дерадикализация теологиясын зерттеу арқылы сенімдік дәлелдер туралы нақты мәліметтер беруге бағытталған.	және аксиологиялық тұрғыдан келе білу. Жалпы ғылыми процесстердің Қазақстанның дерадикализация аясындағы бейнесі туралы білімді меңгеру; әлем ғылымында болып жатқан парадокстарды салыстыра отырып анализ жасай білу.
	<i>Ғылыми зерттеуді ұйымдастыру және жоспарлау / Ислам ілімдері бойынша зерттеу бағыттары</i>	Ғылыми-зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау бағдарламасының мақсаты болашақ мамандық иесі ғылыми - зерттеу жұмысын дұрыс ұйымдастыруға (ҚҚ125), жоспарлауға (ҚҚ126), рәсімдеуге қажетті әдісі мен тәсілдерін игереді (ҚҚ127). Болашақ мамандық иесінің ғылыми -зерттеулерді ұйымдастыру мен жоспарлау ісінде кәсіби құзыреттілігін үйренеді (ҚҚ128).	Пәнді жүргізу кезінде, оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары қолданылады (ғылыми ақпаратты өңдеу, белгілі жағдайларды қарастыру, бизнес-тренингтер) және де магистранттардың кәсіби дағдысын қалыптастыру мақсатында оқудан тыс жұмыстар да жүргізіледі.
Дағуат және мазһаб	Діни насихат және оның әдіс-тәсілдері	Діни насихат ілімінде қолданылатын иршад, таблиғ, насихат сынды терминдер мен осы терминдердің дінді насихаттаудағы ерекшеліктері және Пайғамбар кезеңіндегі діни насихат түрлері мен одан кейінгі кезеңдердегі даму ерекшеліктері Құран және сүннет негізінде зерттеліп, жан-жақты талдауды меңгереді (ҚҚ132). Сондай-ақ дағуаттың заманауи әдіс-тәсілдерін игереді (ҚҚ133).	Білім алушыға ой еркіндігін, пікір айту мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, білім алушының пәнді қабылдауына, жетілдіріп оқуына бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады.
	Ханафи мазһабының негіздері (дәлелдер)	Фикһ саласындағы негізгі қағидалардың қалыптасу кезеңдері мен даму жолдарын меңгереді (ҚҚ134). Фикһта Ханафи ғалымдарының ұстанған дәлелдерін егжей-тегжей игереді (ҚҚ135). Кейбір радикалды топтарға Ханафи мазһабының дәлелдерін негізге ала отырып жауап беруге үйренеді (ҚҚ136). Ханафи мазһабының сүйенетін негізгі дереккөздерімен жұмыс жасау әдістерін меңгереді (ҚҚ137).	Білім алушыға ой еркіндігін, пікір айту мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, білім алушының пәнді қабылдауына, жетілдіріп оқуына бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады.

Құран және хадис философиясы	Ислам философиясы на кіріспе	Исламдағы философияның тарихы мен негізі және философияның кәләм ілімі, сопылық, ахлақ, фикһ салаларымен байланысын зерттеуді үйренеді (ҚҚ138). Ислам философиясындағы білікті ғалымдар мен олардың еңбектерін меңгереді. Ислам философиясының негізгі көздеген мақсаттары үйретіліп, күнімізге тигізер пайдалары мен ерекшеліктерін игереді (ҚҚ139).	Білім алушыға ой еркіндігін, пікір айту мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, білім алушының пәнді қабылдауына, жетілдіріп оқуына бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады.
	Хадисшілердің әдістері	Ислам шариғатындағы хадис және сүннет ұғымы мен оның түрлері, алты хадис жинағының авторларының әдіс-тәсілімен толықтай танысып араларындағы айырмашылықтардың үйренеді (ҚҚ140). Сондай-ақ хадис ғылымының негізгі қайнар көздерінен Ибн Хузайманың «Сахих», Ибн Хиббанның «Сахих» атты кітаптарындағы методикаларын меңгереді (ҚҚ141). Классикалық хадис дереккөздермен жұмыс жасауды үйреніп өзінше дербес хадис зерттеулерін жүргізу әдістерін игереді (ҚҚ142).	Білім алушыға ой еркіндігін, пікір айту мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, білім алушының пәнді қабылдауына, жетілдіріп оқуына бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады.
Араб тілі және риторика	<i>Араб тілі (С2 грамматика) / Құран грамматикалық ережелері</i>	Араб тілінің пәні бойынша әріптердің фонетикасы, араб морфологиясы және синтаксисін меңгереді (ҚҚ149). Сондай-ақ диалог жаттау; араб тілінің қағидаттары мен морфологиясы және синтаксисін меңгеру үшін араб тілін оқытады, араб тіліндегі мәтіндерге еркін талдау жасау және жаңа көзқарастық идеяларды қалыптастыру үшін алынған білімдерді игереді (ҚҚ150).	Студенттерді оқытудың негізгі әдістері: пән бойынша түрлі сипаттағы мәтінге мәтін алдындағы және мәтіннен кейінгі тапсырмаларды құрастыру, оқу мен тыңдап түсінуде тексерудің түрлерін, тесттерді қолдануда және оларды жүргізуде нұсқау құрастыру. Практикалық сабақтарда студенттерді өзара сөйлестіру арқылы ойларын еркін жеткізуге баулу.
	<i>Араб тілі риторикасын кіріспе I / Мағани ілімі</i>	Мәдени тиісті ақпаратты таңдау, өзін-өзі қызығушылық немесе күнделікті өмір аясында, сондай-ақ жалпы, кәсіби бағдар, әлеуметтік және қоғамдық өмірдің тақырыптарына қатысты өз пікірін білдіру, сұхбаттасушысын хабарлауға ақпаратты беруге үйренеді (ҚҚ151). Ұйымдастыру модельдерін, байланыс және топтасқан құрылғыларды бақыланатын	Сабақта білімгердің кәсіби дағдысын қалыптастыру мақсатында проблемалық, кейс-стади, өзіндік жұмыс, дискуссия сынды белсенді әдістер қолданылады. Екі тілдегі мақал-мәтелдер, ғибратты сөйлемдер мен сөз тіркестеріне әдет-ғұрып пен жалпы мәдениет аралық ұқсастықтарына талдау жасайды.

		<p>пайдалану көрсететін күрделі тақырыптарға нақты, егжей-тегжейлі, сондай-ақ құрылымдық мәтін жасайды (ҚҚ152).</p> <p>Сөздердің балама мағыналарын ашады, мәтін сөйлемдеріндегі тікелей, ауыспалы және астарлы мағыналарын ашықтап, қолдануға бейімделді (ҚҚ153).</p>	
	<p><i>Араб тілі риторикасы 2/Құран және риторика</i></p>	<p>Араб тілінің пәні бойынша әріптердің фонетикасы, араб морфологиясы және синтаксисін меңгереді (ҚҚ161). Сондай-ақ диалог жаттау; араб тілінің қағидаттары мен морфологиясы және синтаксисін меңгеру үшін араб тілін оқытады, араб тіліндегі мәтіндерге еркін талдау жасау және жаңа көзқарастық идеяларды қалыптастыру үшін алынған білімдерді игереді (ҚҚ162).</p>	<p>Студенттерді оқытудың негізгі әдістері: пән бойынша түрлі сипаттағы мәтінге мәтін алдындағы және мәтіннен кейінгі тапсырмаларды құрастыру, оқу мен тыңдап түсінуде тексерудің түрлерін, тесттерді қолдануда және оларды жүргізуде нұсқау құрастыру. Практикалық сабақтарда студенттерді өзара сөйлестіру арқылы ойларын еркін жеткізуге баулу.</p>
<p>Эсхатология негіздері және қылмыстық құқық</p>	<p><i>Тәпсір негіздері / Тәпсір қағидалары</i></p>	<p>Тәпсір негіздері пәнінде Құран тарихы, уахи, «иғжаз» теориясы, Құран сүрелері мен аяттары, қырағат ілімі және аталған тақырыптарға қатысты тақырыпшаларды игереді (ҚҚ100). Құран ілімдерінің негізін қалаған ғалымдар мен олардың Құран ілімдерінің жекелеген тақырыптарына қатысты ғылыми көзқарастарды саралайды (ҚҚ101). Тәпсір іліміне кіріспе пәнінде тәпсір ілімінің қалыптасу кезеңдері, ғалымдары, кітаптары және тәпсіршілердің әдіснамаларын меңгереді (ҚҚ102).</p>	<p>Білім алушыға ой еркіндігін, пікір айту мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, білім алушының пәнді қабылдауына, жетілдіріп оқуына бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады.</p>
	<p><i>Исламда қылмыстық құқық/ Исламда адам құқығы</i></p>	<p>Ханафи фикһының қалыптасу тарихын және ханафи фикһына тән терминдер мен үкім шығару үрдістерін игереді (ҚҚ154). Ханафи фикһына қатысты адам құқықтарды меңгеріп (ҚҚ155), исламдағы қылмыстық құқыққа қатысты кітаптарды авторлары мен жеке жеке танысып үйренеді (ҚҚ156). Құқықтың барлық салаларын ханафи мазһабы негізінде қарастырып, қылмыстық құқықтың қажетті қағидаларын меңгереді (ҚҚ157).</p>	<p>Білім алушыға ой еркіндігін, пікір айту мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, білім алушының пәнді қабылдауына, жетілдіріп оқуына бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады.</p>

	<i>Ислам эсхатологиясы / Ақида негіздері</i>	Ақида іліміне кіріспе пәнінде исламдағы сенімдік мазһабтардың шығу тарихы, иләһият, пайғамбарлық институты және ислам эсхатологиясы тақырыптары және аталған тақырыптарға қатысты тақырыпшаларды игереді (ҚҚ106). Ислам теологиясының және сунниттік сенім мектептерінің негізін қалаған ғалымдардың ғылымдағы орнын топшалап (ҚҚ107), ғылыми әдістері және теологиялық мәселелер бойынша алға тартқан тұжырымдары мен тезистерін үйренеді (ҚҚ108).	Білім алушыға ой еркіндігін, пікір айту мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, білім алушының пәнді қабылдауына, жетілдіріп оқуына бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады.
Хадис және усуль	<i>Хадистерге анализдік талдау / Хадистерге үкімдік талдау</i>	Исламдағы хадис терминдерін талдау, хадистің фикһи, ахлақи және ақидаға қатысты мәселелерді меңгеру (ҚҚ129), хадистің айтылу тарихы мен қазіргі таңдағы мәселелермен салыстыра отырып фикһ ғалымдарының көзқарастарынан заманымызға сай үкім шығару ерекшеліктерін игереді (ҚҚ130). Хадис мәтінінің тілдік, терминдік анықтамасы мен Құран аятымен ұштасуы, ақылға сай болуын беледі (ҚҚ131).	Білім алушыға ой еркіндігін, пікір айту мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, білім алушының пәнді қабылдауына, жетілдіріп оқуына бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады.
	<i>Усулшылардың лингвистикалық негіздері / Усул фикһтағы классикалық еңбектер</i>	Усул фикһ қағидаларына қатысы Құран аятындағы сөздер мен сөйлемдердің өзіндік мән-мағынасын түсіндіріп, тілдік нитуицияны қайшыласқан тілдік рефлексиямен ұштасатын қырларын үйренеді (ҚҚ163). Фикһ ғалымдарының пікір қайшылығына себеп болған шарифат мәтіндерінің лингвистикалық, интроспекциялық қырларын талқылайды. Әдіс тәсілге қатысты жазылған еңбектердегі негізгі қағидалар және олардың күніміздегі ғылымдарда қолдану үрдісін меңгереді (ҚҚ164).	Білім алушыға ой еркіндігін, пікір айту мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, білім алушының пәнді қабылдауына, жетілдіріп оқуына бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады.
Тәжуид және намаз	<i>Тәжуид / Араб әріптерінің фанетикасы</i>	Аталған пән бойынша әріптердің дыбысталу жолдарын орындары мен сипаттарын және Изхар, Идғам, Ихфа, Иқлаб, Шамсия, Қамария, яғни тануин мен сукунды нун ережелері мен қағидаларын біледі (ҚҚ119). Сонымен қатар теорияда үйренген қағидалар мен	Білім алушыға ой еркіндігін, пікір айту мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, білім алушының пәнді қабылдауына, жетілдіріп оқуына бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады.

		ережелер практикада ұштастыруды меңгереді (ҚҚ120). Құранның «Нәбә» сүресінен «Нәс» сүресіне дейін тәжүидпен оқуды игереді (ҚҚ121).	
	<i>Намаз және ораза құлшылығы/ Құлшылық фиқхы</i>	«Намаз бен ораза» пәні – әрбір мұсылманның міндеті саналған намаз түрлері (жұма, жаназа, айт және парыз намаздарын) мен үкімдерін, шарттарын, орындалу ерекшеліктерін меңгереді (ҚҚ122). Сонымен қатар оразаның рүкіндері мен шарттарын, парыздары мен жалпы ережелерін игереді (ҚҚ123). Намаз бен оразаға қатысты ханафи ғұламаларының көзқарастарына сай көзқарастарды меңгереді (ҚҚ124).	Білім алушыға ой еркіндігін, пікір айту мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, білім алушының пәнді қабылдауына, жетілдіріп оқуына бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады.
Сауда және мирас мәселелері	<i>Исламда сауда келісімі/ Исламдағы сауда түрлері</i>	Исламда сауданың түрлері мен үкімдері және сауда затына қойылатын шарттар мен саудаласқандағы келісім сөздерінің негізгі қағидаларын игереді (ҚҚ165). Сауданың дұрыс болуындағы сатушыға қойылатын ақыл есі дұрыс, балиғатқа толған т б шарттары және саудадағы таңдау құқығы мен шариғатта тыйым салынған саудалар жайында мәліметті меңгереді (ҚҚ166).	Білім алушыға ой еркіндігін, пікір айту мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, білім алушының пәнді қабылдауына, жетілдіріп оқуына бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады.
	<i>Исламдағы мирас мәселелері/ Исламдағы мұрагерлік құқық</i>	Исламдағы мирас пәнінде басты қайнаркөз болған Құран аяттары игеріледі (ҚҚ167). Исламдағы мирас құқығының тарихы қамтылады. Мұраға құқылы тұлғалар мен олардың категорияларын меңгереді (ҚҚ168). Мирасты тиісті иелеріне үлестіруді үйренеді (ҚҚ169). Мирасқа қатысты жазылан қайнар көздермен таныстырылып белгілі мәтіндер оқытылады. Исламда мұрагерлердің негізгі құқықтары, алатын үлестері, оларға қажетті ережелерді үйренеді (ҚҚ170).	Білім алушыға ой еркіндігін, пікір айту мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, білім алушының пәнді қабылдауына, жетілдіріп оқуына бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады.

Дипломдық жұмыс	Дипломдық жұмысы (жобаны) жазу және қорғау	Диплом жұмысын талаптарға сай рәсімдеуді, тараулар мен бөлімдерге сай мәліметтерді бере алуды меңгереді (ҚҚ173). Ғылыми ізденіс нәтижесін ұсынуға және қорғап шығуға дайындалады (ҚҚ174). Білім беру бағдарламасы барысында игерілген теориялық білім базасы бойынша негізгі мәселелерге қатысты сұрақтарға жауап бере алады (ҚҚ175).	Білім алушыларды диплом жұмысын жазу үдерісін барынша тиімді ұйымдастырып, бөлінген уақытты орынды пайдалануға бағыттайтын тұлғалық, коммуникативтік әдістер қолданылады. Ғылыми ізденіс жүргізу, көлемді мәліметтер қорын игеруге бағытталған арнайы әдістер мен техникалар қолданылады.
------------------------	--	---	---

3.2 Білім беру бағдарламасы нәтижелерінің негізгі құзіреттіліктермен сәйкестендірілу матрицасы

	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10
НҚ1	+	+			+		+	+		
НҚ2			+	+		+				+
НҚ3	+	+		+		+	+	+		
НҚ4		+			+	+	+			+
НҚ5		+	+	+			+	+	+	
НҚ6		+		+	+	+	+		+	+
НҚ7							+		+	+
НҚ8		+			+	+			+	+

НҚ – Негізгі құзіреттіліктер

ОН – Оқыту нәтижелері

3.3 Білім беру бағдарламасының оқу жоспары

№	Пән атауы	Пән коды	Цикл және компонент	Қорытынды бақылау	Академиялық кредитте раны	Қалыптастырылатын құзіреттіліктер (3.1 бөліміндегі кодтар)
1 семестр						
1	Қазақстанның қазіргі заман тарихы	ККТ 1101	ЖБП/ МК	МЕ	5	(ҚҚ1). (ҚҚ2).
2	Шетел тілі	ShT 1103	ЖБП/ МК	емтихан	5	(ҚҚ5). (ҚҚ6). (ҚҚ7). (ҚҚ8).
3	Қазақ (Орыс) тілі	К(О)Т 1101	ЖБП/ МК	емтихан	5	(ҚҚ9). (ҚҚ10). (ҚҚ11).

						(ҚҚ12). (ҚҚ13).
4	Дене шынықтыру	DT 1108	ЖБП/ МК	сынақ	2	(ҚҚ25). (ҚҚ26).
5	Экология және өмір қауіпсіздігі	EjOQ 1106	ЖБП/ ЖК	емтихан	5	(ҚҚ27). (ҚҚ28). (ҚҚ29). (ҚҚ30).
6	Араб тілі (А1-А2)	Arb1104	БП/ЖК	емтихан	4	(ҚҚ35). (ҚҚ36). (ҚҚ37). (ҚҚ38).
7	<i>Тазалық және намаз құлшылығы / Шаригат үкімдері</i>	TjNQ 1201/ shuk3205	БП/ТК	емтихан	4	(ҚҚ117). (ҚҚ118).
Қорытынды					30	
2 семестр						
1	Шетел тілі	ShT 1103	ЖБП/ МК	емтихан	5	(ҚҚ5). (ҚҚ6). (ҚҚ7). (ҚҚ8).
2	Қазақ (Орыс) тілі	K(O)T 1101	ЖБП/ МК	емтихан	5	(ҚҚ9). (ҚҚ10). (ҚҚ11). (ҚҚ12). (ҚҚ13).
3	Ақпараттық коммуникациялық технологиялар	AKT 1202	ЖБП/ МК	емтихан	5	(ҚҚ14). (ҚҚ15). (ҚҚ16).
4	Араб тілі (B1)	Arb 1204	БП/ЖК	емтихан	4	(ҚҚ41). (ҚҚ42).
5	Дінтану	DK 1204	БП/ЖК	емтихан	3	(ҚҚ50). (ҚҚ51). (ҚҚ52). (ҚҚ53).
6	Ислам теологиясы	Ist 1202	БП/ЖК	емтихан	2	(ҚҚ65). (ҚҚ66).
7	Оқу практикасы	OP 1205	БП/ЖК	сынақ	1	(ҚҚ56). (ҚҚ57).
8	<i>Тәжжүид / Араб әріптерінің фанетикасы</i>	Taj1202/A rbF1203	Беп/ТК	емтихан	2	(ҚҚ119). (ҚҚ120). (ҚҚ121).
9	<i>Намаз және ораза құлшылығы/ Құлшылық фиқхы</i>	NjOQ 1203/ QF 1201	Беп/ТК	емтихан	3	(ҚҚ122). (ҚҚ123). (ҚҚ124).
Қорытынды					30	
3 семестр						
1	Әлеуметтану Саясаттану	AS 1107	ЖБП/ МК	емтихан	4	(ҚҚ17). (ҚҚ18).

						(КҚ19). (КҚ20). (КҚ21). (КҚ22). (КҚ23). (КҚ24).
2	Дене шынықтыру	DT 1108	ЖБП/ МК	сынақ	2	(КҚ25). (КҚ26).
3	Зекет және қажылық	ZH 2207	БП/ЖК	емтихан	4	(КҚ31). (КҚ32).
4	Хадис терминдері	Had 3206	БП/ЖК	емтихан	4	(КҚ33). (КҚ34).
5	Араб тілі (B2)	Arb2105	БП/ЖК	емтихан	5	(КҚ41). (КҚ42).
6	<i>Ислам тарихы/ Мазхабтар тарихы</i>	IT 2206 / MT 1209	БП/ТК	емтихан	3	(КҚ62). (КҚ63). (КҚ64).
7	<i>Матрудия ақидасындағы пайғамбарлық /Ақида мәтіндері</i>	AM 2204 AM 2210	БП/ТК	емтихан	3	(КҚ54). (КҚ55).
8	<i>Құран ілімдеріне кіріспе/ Тәпсір іліміне кіріспе</i>	KIK 2206/ TIK 2205	БП/ТК	емтихан	3	(КҚ67). (КҚ68). (КҚ69).
9	<i>Құран жаттау I/Махраж ілімі</i>	Qzh I-II/ MI 2206	БП/ТК	емтихан	2	(КҚ71). (КҚ72). (КҚ73). (КҚ74).
Қорытынды					30	
4 семестр						
1	Философия	Fil 2304	ЖБП/ МК	емтихан	5	(КҚ3). (КҚ4).
2	Психология Мәдениеттану	MP 1107	ЖБП/ МК	емтихан	4	(КҚ17). (КҚ18). (КҚ19). (КҚ20). (КҚ21). (КҚ22). (КҚ23). (КҚ24).
3	Дене шынықтыру	DT 1108	ЖБП/ МК	сынақ	2	(КҚ25). (КҚ26).
4	Араб тілі (C1)	Arb2106	БП/ЖК	емтихан	5	(КҚ149). (КҚ150).
5	<i>Қазақ ойшылдары дін туралы / Қазақстандағы ислам тарихы</i>	KODT 3305/ QODT 2207	БП/ТК	емтихан	2	(КҚ75). (КҚ76). (КҚ77).

6	<i>Қазақ салт-дәстүрлері/ Дін және дәстүр</i>	QSD 2208/ DD 2302	БП/ТК	емтиха н	3	(ҚҚ78). (ҚҚ79). (ҚҚ80). (ҚҚ81)
7	<i>Исламда отбасы/ Неке және ажырасу шарттары</i>	IO 2205/ NASH 2209	БП/ТК	емтиха н	3	(ҚҚ82). (ҚҚ83). (ҚҚ84). (ҚҚ85).
8	<i>Құран жаттау 2/Махраж ілімі</i>	<i>Qzh I-II/ MI 2206</i>	БП/ТК	емтиха н	2	(ҚҚ86). (ҚҚ87). (ҚҚ88). (ҚҚ89)
9	<i>Исламдағы мораль мәселесі/ Құрандағы ахлақ ілімі</i>	<i>IMM 2211/ QAI 3313</i>	БП/ТК	емтиха н	4	(ҚҚ90).(ҚҚ91) (ҚҚ92).
Қорытынды					30	
5 семестр						
1	<i>Қазіргі замандағы ҚР діни жағдай/ Діни ағымдар мен ұйымдар</i>	QZQRDJ 3201/ DAU 3201	БП/ТК	емтиха н	3	(ҚҚ93). (ҚҚ94). (ҚҚ95).
3	<i>Тәпсір негіздері / Тәпсір қағидалары</i>	TN 3210 TQ 3203	БеП/ТК	емтиха н	4	(ҚҚ100). (ҚҚ101). (ҚҚ102).
4	<i>Құран жаттау 3/Мақам және қырағат</i>	QJ III MQ 3204	БП/ТК	емтиха н	3	(ҚҚ71). (ҚҚ72). (ҚҚ73). (ҚҚ74).
6	<i>Діни насихат және оның әдіс- тәсілдері</i>	DNZAT 3301	БеП/ЖК	емтиха н	5	(ҚҚ132). (ҚҚ133).
7	<i>Ханафи мәзһабының негіздері (дәлелдер)</i>	HMN 3302	БеП/ЖК	емтиха н	5	(ҚҚ134). (ҚҚ135). (ҚҚ136). (ҚҚ137).
8	<i>Араб тілі (С2 грамматика) / Құран грамматикалық ережелері</i>	Arb3105 QG 3106	БеП/ТК	емтиха н	4	(ҚҚ43). (ҚҚ44). (ҚҚ45). (ҚҚ46).
9	<i>Араб тілі риторикасына кіріспе I / Мағани ілімі</i>	ArTR 3504/ MagI 3203	БеП/ТК	емтиха н	3	(ҚҚ161). (ҚҚ162).
1 0	<i>Дене шынықтыру</i>	DT 1108	ЖБП/ МК	сынақ	2	(ҚҚ25). (ҚҚ26).
Қорытынды					29	

6 семестр						
1	Шариғи үкімдер	shuk3205	БП/ЖК	емтихан	3	(ҚҚ58). (ҚҚ59).
2	Өндірістік тәжірбиесі	OT 3207	БП/ЖК	есеп	5	(ҚҚ60). (ҚҚ61).
3	Ислам философиясына кіріспе	IsFK 3210	БеП/ЖК	емтихан	3	(ҚҚ138). (ҚҚ139).
4	Хадисшілердің әдістері	QA 4301	БеП/ЖК	емтихан	5	(ҚҚ140). (ҚҚ141). (ҚҚ142).
5	<i>Исламда қылмыстық құқық/ Исламда адам құқығы</i>	IQQ 3305/ IAQ 3305	БеП/ТК	емтихан	3	(ҚҚ154). (ҚҚ155). (ҚҚ156). (ҚҚ157).
7	<i>Араб тілі риторикасы 2/Құран және риторика</i>	ArR 3307 QJ 3304	БеП/ТК	емтихан	5	(ҚҚ151). (ҚҚ152). (ҚҚ153).
8	<i>Ислам эсхатологиясы/ Ақида негіздері</i>	IE 3205 AqN 3212	БеП/ТК	емтихан	3	(ҚҚ106). (ҚҚ107). (ҚҚ108).
9	<i>Құран жаттау 4/ Қырағат ілімінің тәпсірге әсері</i>	QJ 4305/ Krgtf 4105	БП/ТК	емтихан	4	(ҚҚ114). (ҚҚ115). (ҚҚ116).
Қорытынды					31	
7 семестр						
1	<i>Құран Кәрімдегі риторикалық феномен/ Құрандағы метафора</i>	QKRF 4106/ QM 4304	БП/ТК	емтихан	4	(ҚҚ109). (ҚҚ110). (ҚҚ111). (ҚҚ112). (ҚҚ113).
2	<i>Құран жаттау 5/ Қырағат ілімінің үкім аяттарына әсері</i>	QJ 4305/ Krgtf 4105	БП/ТК	емтихан	3	(ҚҚ114). (ҚҚ115). (ҚҚ116).
3	<i>Хадистерге анализдік талдау/ Хадистерге үкімдік талдау</i>	HT 4307/ KhUT 4303	БеП/ТК	емтихан	3	(ҚҚ129). (ҚҚ130). (ҚҚ131).
4	Исламда логика	IL 4301	БП/ЖК	емтихан	3	(ҚҚ143). (ҚҚ144). (ҚҚ145). (ҚҚ146).
5	<i>Усулишылардың лингвистикалық негіздері/ Усул фиқһтағы классикалық еңбектер</i>	ULN 4302/ UFKE 4302	БеП/ТК	емтихан	5	(ҚҚ163). (ҚҚ164).
6	<i>Исламда сауда келісімі/ Исламдағы сауда саттық</i>	ISK 4305/ ISS 4305	БеП/ТК	емтихан	3	(ҚҚ165). (ҚҚ166).

7	<i>Исламдағы мiрас мәселелерi/ Исламдағы мұрагерлiк құқық</i>	ИММ 4306/ ИМҚ 4306	Беп/ТК	есеп	4	(ҚҚ167). (ҚҚ168). (ҚҚ169). (ҚҚ170).
8	Өндiрiстiк тәжiрбиесi	ОТ 3207	БП/ЖК	есеп	5	(ҚҚ60). (ҚҚ61).
Қорытынды					30	
8 семестр						
1	<i>Құран жаттау б/ Қырағат iлiмiнiң ақидаға әсерi</i>	QJ 4305/ Krgtf 4105	БП/ТК	экза ме н	3	(ҚҚ114). (ҚҚ115). (ҚҚ116).
3	<i>Дерадикализациялық теология / Ақидаға қатысты қазiргi мәселелерi</i>	DT 4210 АККМ 4211	БП/ТК	экза ме н	3	ҚҚ70). (ҚҚ71). (ҚҚ72).
4	<i>Ғылыми зерттеудi ұйымдастыру және жоспарлау /Ислам iлiмдерi бойынша зерттеу бағыттары</i>	GZUJJ 4208 IslZB 4209	БП/ТК	емтиха н	3	(ҚҚ158). (ҚҚ159). (ҚҚ160).
5	Дипломалды практика	DP 4202	БП/ЖК	есеп	4	(ҚҚ147). (ҚҚ148).
6	Дипломдық жұмысы (жобаны) жазу және қорғау	DJQ		ГЭ	12	(ҚҚ1). (ҚҚ4). (ҚҚ6). (ҚҚ8).
7	Өндiрiстiк тәжiрбиесi	ОТ 3207	БП/ЖК	есеп	5	(ҚҚ60). (ҚҚ61).
Қорытынды					30	
ЖАЛПЫ БАРЛЫҒЫ					240	